

¹Мустафаев И.Т., * ¹Филонова А.Ю., ²Алиев И.Б.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

педагогика ғ.к., М.Улутбек атындағы ӨзбҰУ. Ташкент, Өзбекстан

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ «ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР» ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КЕШЕНДІ ДАМУ ПАРАМЕТРЛЕРІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор - корреспондент: mustafaev.ispandiyar@mail.ru

Түйін: Қазіргі уақытта спорттық жарыстар көмегімен әлемге белгілі бір халық пен мемлекетті таныстыру, білім алушылардың жан-жақты даму параметрлерін кеңейту негізінде олардың жетістіктерін алға жылжыту, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бейімделу және әлеуметтену құралы ретінде айтылып жүр.

Білім алушыларды кешенді даму параметрлерін кеңейтуде жасалған теориялық-әдістемелік және практикалық ұсыныстар негізінде үздіксіз білім беру жүйесінде «интеграцияланған спорттық жарыстар»дың қолданылуымен білім алушылардың кешенді дамуына бағытталған педагогикалық процесс мазмұнын жетілдіруге қатысты Қазақстан Республикасының салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша спорттық жарыстарды ұйымдастыру мазмұны енгізілген. Зерттеу нәтижесінде «интеграцияланған спорттық жарыстар»дың тұлғаның рухани-мәдени, интеллектуал жетілуі (шыдамдылық, отан сүйгіштік, адалдық, толеранттылық, өз бәсекелесін құрметтеу, азаматтық позициясының беріктігі)н қамтамасыз ету негізінде оны кешенді даму механизмдері теориялық, әдістемелік, педагогикалық-психологиялық жетілдірілді.

Кілт сөздер: спорт, үздіксіз білім беру жүйесі, жарыс, білім алушы, параметр, кешенді дамыту, тұлға, реформа.

Кіріспе. Дене тәрбиесі ХІХ ғасырдың басында мектептерде гимнастика спорт түрінің ерекшелігі негізінде зерттеу тақырыбына айналды [1]. Оның адам денсаулығындағы рөлі тез танылды. 20 ғасырдың басында жеке гигиена және дене денсаулығына арналған жаттығулар оқушыларға арналған оқытудың негізгі нәтижелері ретінде дене шынықтыру бағдарламасына енгізілді. Алайда, денсаулыққа ерекше назар аударуды тәрбиеші, америкалық ғалым Томас Вуд 1913 жылы дене шынықтыру бүкіл баланың дамуына тым тар және зиянды деп сынға алды. Кейіннен білім беру қоғамдастығы Вудтың дене тәрбиесіне инклюзивті көзқарасын қабылдады, оған сәйкес ойындар мен спорт түрлеріне арналған негізгі қозғалыстар мен физикалық дағдылар негізгі оқу мазмұнын ретінде енгізілді. Соңғы 15 жыл ішінде дене тәрбиесі дене қозғалысын оның салдарымен (мысалы, дене белсенділігі мен денсаулық) байланыстыру үшін дамып, балаларға салауатты өмір салты туралы ғылым мен белсенді өмір салтына қажетті дағдыларды үйретуде [2].

Білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін дене шынықтыру құралдарымен шешу бойынша төмендегі ғалымдар зерттеулерінде баяндалған: Б.Т.Лихачев, В.С.Кукушкин, С.Д.Лаптенко, Ю.И.Евсеев.

Және де шетел ғалымдарының тізімі бойынша А.Е.Volkwein-Caplan Karin, D.Szegner Heneriette, Lenk Hanстардың еңбектерінде білім алушылардың спорттық жаттықтырулар арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселелерінің ерекшеліктері туралы баяндалған. Педагогикада білім алушылардың кешенді дамуы саласында өз шешімін таппаған, жан-жақты ізденісті қажет ететін мәселелер бойынша зерттеулер жүргізілді [3].

Атап айтқанда, біздің республикамызда жан-жақты дамып келе жатқан тұлғаны қалыптастыруда білім алушылардың дамуында «интеграцияланған спорт жарыстары» ерекше орын алады, бірақ мұндай жарыстарға дайындық және оқыту процесінде білім алушылар мен студенттерді кешенді дамыту үшін педагогикалық мүмкіндіктерді

көрсетудің терең ғылыми тәсілдері айқындалмаған, осы спорт жарыстарына қатысушылардың жаңа білімді игеру қажеттілігі зерттелмеген [4].

Заман талабы бойынша спорттық жарыстардың халықты әлемге таныту, білім алушылардың даму параметрлерінің кеңеюіне ықпал ете келе, олардың жеткен жетістіктерін мақтан ете білу, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыра келе, әлеуметтену құралы ретінде айтылуы бекер емес.

Бұл өз кезегінде Корея, Қытай, Жапония, АҚШ, Канада, Австралия сияқты дамыған мемлекеттерде білім беру жүйесінде дене шынықтыруды интеграциялау саласында үлкен тәжірибе жинақталуына негіз болды. Мектептерде дене шынықтыру жаттықтыруларын білім беру жүйесіне өзара сәйкестендіруді деңгейлеу, білім алушылардың кешенді даму параметрлерін кеңейтіру механизмдерін қалыптастыру қажеттілігін тудыруға себеп болды.

Әлемде жастарды спортқа тарту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға әдеттердіру, мәдени тәрбие беру сияқты бағыттар бойынша зерттеулер жүргізілуде. Осы орайда, жастарды спорттың көмегімен кешенді дамыту, оларды жан-жақтама шынықтыру мәселелерін Бельгия, Италия, Португалия, Францияда мемлекет деңгейінде, Германия, Испания, Швейцария мемлекеттерінде аймақтық дәрежеде жүргізілуде [5].

Осы саладағы зерттеулердің нәтижесі бойынша, білім алушыларды кешенді дамыту әлеуметтік-педагогикалық сұраныс екендігін ғылыми-практикалық негіздеу, спорт және дене тәрбиесінің жеке тұлғаны интеллектуал-рухани дамытудағы педагогикалық, психологиялық мүмкіншіліктерін анықтау спорттық жарыстардың білім алушылардың интеллектуал-рухани байлықтарын дамыту мүмкіндігі екендігі, білім алушылардың кешенді дамыту өлшемдерін кеңейтіру механизмдерін жақсарту мәселелері қазіргі кезеңде актуалдылығымен ерекшеленіп тұр.

Бүгінгі күнде республикамызда дене шынықтыру және спорт саласын түптен енгізу үшін жүргізіліп жатқан жүйелі іс-шаралар нәтижесінде спорт мектептері және білім беру мекемелерінің негізінде материалдық-техникалық базасы, құқықтық, әдістемелік қамтамасыз етілуі нығайтылуда.

Қазақстан Республикасында спортты дамыту бойынша стратегиясында «балаларды спортпен қоғам деңгейінде айналысу мақсатында жаңа балалар спорт объектітерін құру, қолданыстағыларды реконструкция жасау, физикалық дені сау, рухани және тірбиелік дамыған, жеке ой бар, Отанға адал, өмірлік көз қарасына ие жастарды тәрбиелеу, демократиялық реформаларды тереңдету және қоғамды дамыту процесінде олардың әлеуметтік қызметін арттыру» сияқты бағыттар белгіленген, бұл өз кезегінде осы процессті зерттеуде білім алушылардың кешенді дамыту параметрлерін кеңейтіру тарихи даму жолын және де заманауи тенденцияларды анықтау, әлемдік тәжірибелер негізінде спорт жарыстарының рухани тәрбие құралы, белгілі халық пен мемлекетті таныстыру, жетістіктерін көрсету құралы ретінде енгізу, «интеграцияланған спорттық жарыстар» мазмұнын байыту негізінде білім алушылардың үздіксіз дамыту кезеңдері, принциптерін анықтау сияқты зерттеулерді жүзеге асыру мақсатымыз болды.

Мақала тақырыбының жаңалығы:

- Салауатты өмір салтының физикалық және эстетикалық компоненттерімен сабақтастықты қамтамасыз ету негізінде «интеграцияланған спорттық жарыстар»дың (еңбекке қабілеттілік, шыдамдылық, қарсыласқа құрмет, төзімділік) көмегімен үздіксіз білім беру жүйесінде білім алушылардың кешенді дамытуға бағытталған педагогикалық процесстің мазмұны анықталды.

- спорттық жаттықтырушылардың кәсіби қызметіне жетілдірілген педагогикалық қажеттіліктер (кәсіби шеберлік, деонтология, эргономика) құрылымымен акмеологиялық құзыреттіліктің ішкі интеграциясы арқылы кәсіби қасиеттерді меңгеру деңгейі жетілдірілді.

- тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетімен және субъективтіліктің, даралықтың, тұрақтылықтың, сәйкестендірудің (ұқсастықтың) рефлексивті артықшылықтарын

оқытумен қарқынды өзара тиімділікті қамтамасыз ету негіздеріне «үш деңгейлі спорттық жарыстарға» (зерттеу, бағалау, таңдау, проекция) қызығушылықты дамытудың педагогикалық тетігі жетілдірілді.

- патриотизмді, рухани-адамгершілік, идеологиялық қасиеттерді дамытудың құрылымдық негіздерін анықтау арқылы «үш кезенді спорттық жарыстардың» көмегімен қатысушы білім алушыларды кешенді дамытудың әлеуметтік-педагогикалық параметрлері (қажеттіліктерді түсіну, идея матрицасы, ұқсастық, қауымдастық) жетілдірілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігінің негізінде зерттеу мақсатына, объектісіне, тақырыбына, міндеттеріне сәйкес әдістер кешенін қолданумен, экспериментке мектептердің қажетті санын тартумен, эксперимент нәтижелерінің статистикалық деректеріне сүйене отырып және оларды математикалық статистика әдістерімен өңдеумен және нәтижелерді құзыретті құрылымдардың бекітуімен қамтамасыз етіледі.

Нәтижелердің ғылыми маңыздылығы білім алушыларды оқытуды жан-жақты дамыту мүмкіндіктерін ашумен айқындалады. «Интеграцияланған спорттық жарыстар» педагогикалық ғылымның ұстанымымен, құралдар мен әдістердің арқасында осы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, осы жарыстардың мазмұнын ұйымдастыру және дамыту тетіктерін жетілдіру, жарыстар жүйесін жетілдіруге тәжірибеге енгізудің теориялық тәсілдері, «интеграцияланған спорттық жарыстар» көлемін арттыру және сапасын қамтамасыз ету тетіктерін педагогикалық процесске енгізу.

Ал практикалық маңызына келетін болсақ, олар «үш кезенді спорттық жарыстар»ды ұйымдастырумен айналысатын мамандардың, тәлімгерлердің қызметінде, бағдарламаларды, семинарларды, тренингтер мен дәрістерді әзірлеу кезінде үздіксіз білім беру жүйесінде пайдаланатындығына және дене тәрбиесі бойынша жаттықтырушылар мен педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесіне енгізіледі.

Зерттеу әдістемелері: мақала тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері білім алушыларды оқытуда кешенді даму параметрлерін кеңейту бойынша әзірленген теориялық-әдіснамалық және практикалық ұсыныстар негізінде «Интеграцияланған спорттық жарыстар» теориялық-әдіснамалық негіздері жетілдірілді [6].

Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, салыстырмалы талдау, аналитикалық шолу, дәлелдемелерді негіздеу, салыстыру, сұрақ-жауап, әңгімелер, педагогикалық эксперимент, өңдеу мен талдаудың математикалық-статистикалық әдістері қолданылды.

Және де алдыңғы зерттеулерден ерекшелігі алынған нәтижелер негізінде олардың математикалық-статистикалық талдауы жүргізілді, нәтижелерден орташа квадраттық ауытқу, таңдау дисперсиясы, варианттық көрсеткіштері, Стьюденттің іріктеу критерийлері, Стьюденттің критерийі негізінде еркіндік дәрежесі, Пирсонның сәйкестік критерийлері және сенімділік интервалы өткізілді.

Пікірталас. Тәуелсіздік жылдарында жастардың денсаулығы мен дамуына ерекше көңіл бөлінуде, «Интеграцияланған спорттық жарыстар»дың білім алушыларды кешенді дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау педагогикада арнайы ғылыми жұмыс ретінде зерттелмеген.

«Интеграцияланған спорттық жарыстарды» қолдану арқылы білім алушыларды кешенді дамыту әлеуметтік-педагогикалық қажеттілік, спорт және дене шынықтыру тұлғаны интеллектуал-рухани дамуындағы педагогикалық, психологиялық мүмкіндіктер, спорт жарыстары білім алушылардың рухани-интеллектуал қабілеттерінің жоғары дәрежеде дамуының мүмкіндігі.

Ғылыми жұмыста жастарды барлық жағынан дамуының әлеуметтік-педагогикалық қажеттілік ретінде өкімет саясатында жоғары орыннан иеленгені негізделген.

Спорт арқылы білім алушыларды рухани, физикалық, психикалық-әлеуметтік білім беру кешенделеді және дамытады. Әлеуметтік пайдалы қызметтің түрлі деңгейелері, отбасы, еңбек, Отан, тұлғаның физикалық, рухани, әлеуметтік жетістіктері оның жігер көрсете отыра қызмет етуінің арқасында қамтамасыз етіледі. Әр білім алушы ден саулық дәрежесі оның конституциялық құқығы тәрбиесі, менталитеті, темпераменті, гормонал

және иммунологиялық позициясымен байланысты болады.

Қорытынды. Үйлесімділікке жетуде спорттық жарыстар маңызды орынға ие. Спортпен айналысу барысында адамның шаршауы басылып, түрлі ауруларға қарсы организмнің күресуі артады. Тұлға өзінде бірнеше қабілеттер: біреуді көре алмау, шыдамдылық, ақыл ойдың дамуы, жігерлілік сияқты қабілеттерді өзінде байқайды.

Тәрбие жағынан қарағанда жаттықтыру сабақтары, дене шынықтыру, әсіресе, білім алушылардың спорт жарыстары кезінде өте үлкен физикалық, рухани жүктемелерді өз міндеттемелеріне алады. Спорт жарыстарында білім алушылар дене шынықтырудағы жалпы әдістерді меңгереді. Сол үшін спорттық жарыстар білім алушыларды дұрыс тәрбиелеуде өте үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дене шынықтыру. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. Астана, 2016. 50 б.

2. NASPE. 2004. Physical activity for children: A statement of guidelines for children ages 5-12. Reston, VA: AANPERD.

3. Tovb, A., & Cipes, G. Standartyi normy v upravleni i proektami [Standards and norms in project management]. Upravlenie proektami i programmami, 1(21), 76–79 (in Russian) 2010.

4. Галкин В.В. Экономика и управление физической культурой: и спортом Учебное пособие для вузов/ В.В.Галкин Ростов на Дону: Феникс, 2006.448с.

5. Галкин В.В., Сысоев В.И. Экономика физической культуры и спорта: Учебное пособие для высших и средних профессиональных учебных заведений физической культуры.- Воронеж, 2003. 252 с.

6. Ibrakhimov S.U Bases of Three-Stage Sports Competitions // Eastern European Scientific Journal // Germany / 2017, 3 / P. 58-61 / ISSN: 2199-7977. (13.00.00. №К)

7. Ибрахимов С.У. Трехступенчатые спортивные соревнования как фактор формирования гуманистических качеств учащейся молодежи // Одиннадцатая международная конференция «Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития» Россия, Санкт- Петербург, 2003г. С. 52-53.

8. Ибрахимов С.У. XXI век - век физической активности //«Физическая культура в личностно-профессиональном развитии студента и его образе жизни» Международной научно-практической конференция. Москва, 2013. С. 68-69.

Аннотация: В настоящее время спортивное соревнование выступает как средство приобщения к миру определенного народа и государства, продвижения достижений обучающихся на основе расширения их параметров всестороннего развития, укрепления их здоровья, адаптации к здоровому образу жизни и социализации. На основе разработанных теоретико-методических и практических рекомендаций по расширению параметров комплексного развития обучающихся в системе непрерывного образования внедрено содержание организации спортивных соревнований по формированию здорового образа жизни в Республике Казахстан по совершенствованию содержания педагогического процесса, направленного на комплексное развитие обучающихся с применением «интегрированных спортивных соревнований». В результате исследования были разработаны теоретические, методические, педагогико-психологические механизмы комплексного развития «интегрированных спортивных соревнований» на основе обеспечения духовно-культурного, интеллектуального совершенствования личности (выносливость, патриотизм, честность, толерантность, уважение к своему конкуренту, прочность гражданской позиции).

Ключевые слова: Спорт, система непрерывного образования, соревнования, обучающийся, параметр, комплексное развитие, личность, реформа.

Abstract: Currently, a sports competition acts as a means of introducing a certain people and state to the world, promoting the achievements of students on the basis expanding their parameters of comprehensive development, strengthening their health, adapting to a healthy lifestyle and socialization.

Based on the developed theoretical, methodological and practical recommendations for expanding the parameters of the integrated development students in the system of continuing education, the content of the organization sports competitions for the formation of a healthy lifestyle in the Republic Kazakhstan has been introduced to improve the content of the pedagogical process aimed at the integrated

development students using «integrated sports competitions». As a result of the research, theoretical, methodological, pedagogical and psychological mechanisms of the complex development «integrated sports competitions» were developed on the basis ensuring the spiritual, cultural, intellectual improvement of the individual (endurance, patriotism, honesty, tolerance, respect for one's competitor, the strength civic position).

Keywords: Sport, continuing education system, competitions, student, parameter, complex development, personality, reform.